

## **Рудный қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру үшін жеңілдіктер белгілеу туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 552 және Қостанай облысы мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 38 бірлескен қаулысы және шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 10038 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 01.04.2025 № 229 және Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 01.04.2025 № 211 бірлескен қаулысымен және шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Рудный қалалық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Рудный қаласы азаматтарының келесі санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру түріндегі жеңілдік белгіленсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
- 3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;
- 4) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға;
- 5) "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға;
- 6) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға.
- 7) жеті жасқа дейінгі балаларға, олар егер бөлек орын алмаса.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 01.04.2025 № 229 және Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 01.04.2025 № 211 бірлескен қаулысымен және шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Рудный қаласы азаматтарының келесі санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру үшін бекітілген тариф құнынан 10 теңгеге кем мөлшерде жеңілдікпен жол жүру белгіленсін:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлерге;
- 2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 01.04.2025 № 229 және Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 01.04.2025 № 211 бірлескен қаулысымен және шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-1. Рудный қаласы азаматтарының келесі санаттарына қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру үшін бекітілген тариф құнының 50% мөлшерінде жеңілдікпен жол жүру белгіленсін:

- 1) 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға;
- 2) 15 жастан 18 жасқа дейінгі адамдарға.

Ескерту. Бірлескен қаулысы және шешімі 2-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 31.05.2024 № 460 және Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 31.05.2024 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 01.04.2025 № 229 және Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 01.04.2025 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулыларымен және шешімдерімен.

3. Осы бірлескен Рудный қаласы әкімдігінің қаулысы мен Рудный қалалық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласы әкімі*  
*Қалалық мәслихат төрағасы*

*В. Ионенко*  
*А. Искаков*